



Бекітемін: *Ж. Нұрлы*
29 «Ай-Керіс» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
Қ.К. Сейдалиева

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті



*Шама, үлкен,
кіші ұғымдары*

«Ақбота» Ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Г.М.Бесбаева

Шымкент 2023

Ұйымдастырылған ашық іс- әрекеті

Шымкент қаласы №29 «Ай-Керім» бобекжай бақшасы

Тобы : «Ақбота» Ортаңғы

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту;

Өтілетін күні: 23.02.2022ж

Тақырыбы: «Үлкен ,кіші,шама ұғымдары»

Мақсаты: Балаларға үлкен - кіші, шама туралы ұғымдарды танып білуге үйрету. Үлкен - кішіні ажыратып күнделікті өмірде қолдана білуге және бір - бірін аттарымен атай білуге үйрету. Балалар бойына достық, мейірімділік сезімін ояту. Заттарды түстеріне, түрлеріне қарай ажыратып, салыстыруды меңгерту. Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Білімділік міндеті: Үлкен және кішіге түсінік беру, ажырата білу.

Дамытушылық міндеті: Логикалық ойлауларын сұраққа нақты жауап беру, дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: суреттер, ойындар таратпа құралдар Маша мен Аю, таразы, кедергі , үлкен кіші қасықтар ,компиттер

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы.	Тәрбиеші балалардың назарын топқа, келген қонақтарға аударады: -Балалар, қарандаршы, бүгін біздің тобымыз күндегіден ерекше безендірілген және бізге көптеген қонақтар келген екен. Балалар бүгін бізде ерекше іс – әрекет болмақ. Қане шеңбер құрайық Дөңгелеке тұрайық Үлкендерді құрметтеп Сәлемдесіп алайық. Үлкенге де сіз Кішіге де сіз Баршаңызға құрметпен Бас иеміз біз	Балалар тәрбиешімен қосылып айтады.

Ұйымдастырушы
ізденушілік

Жарайсындар балалар, орнымызға жайғасайық. Балалар бүгінгі іс әрекетімізді бірден ойыннан бастағым келіп тұр.

«Үлкен және кіші» ойыны.

Шарты: Үлкен, кіші заттарды бір біріне қарама қарсы сай теңестіру.

Кірпі және оның баласын суреттен табуды ұсынады.

Суреттен нені көріп тұрсындар?

Кірпілер бірдей ме?

Олар қандай екен?

Келесі ұяшықта сүті бар тағы екі кесе салынғанын айтады: үлкен кесе үлкен кірпіге, ал кішкентай кесе кішкентай кірпіге арналған.

Содан соң келесі ұяшықта кірпілерге арналған алма бар екен үлкен кірпіге қандай алманы береміз?

Кішкентай кірпіге кіші алманы берейік.

Үлкен кірпі қай кеседен сүт ішеді?

Кішкентай кірпі қай кеседен сүт ішеді?

Ғажайып сәт: Аю мен Маша келеді.

Аю ашулы

-Маша сен бәрін бүлдірдің, ұқыпсыз бала болып барасың.

Тәрбиеші: Аю саған не болды Машаға неге ашулысың.

Аю: Тәрбиеші апай мен Машаны балабақшаға әкелдім, себебі ол боткамды бүлдіріп, орындықты орнына қоймаған екен.

Тәрбиеші: Жарайды аюжан сен көңіліңді түсірме біз Машамен бірге саған ботқа дайындап береміз, солайма балалар?

Әне көрдің балалар ақылды, епті саған дәмді ботқа дайындап береді. Балалар екі орталыққа бөлінеміз.

1. Ойын: «Өлшем»

Шарты: Дәмді ботқаны дайындау үшін күрішімізді өлшеп алайық. Ол үшін

Балалар бірлесе ойнайды.

Сұрақтарға жауап береді

Дауысқа елеңдей қарайды

Келген қонаққа таңдана қарайды.

-ия көмектесеміз

Кедергілер арасымен қасықтарды төкпей шашпай өткізіп табақтарға салады.

үлкен ыдыстағы күрішті мына кедергілерден арасымен төкпей шашпай, үлкен, орташа, кіші қасықтармен күрішті кіші ыдысқа саламыз.

2.Ойын: «Таразы»

Шарты:Балаларға Аю мен Машаға арнап өз шамаларына қарай кәмпиттер өлшеп береміз.Балалар 2-3 кәмпиттен алып таразыға өлшеп көп кәмпитті Аюға,аз кәмпитті Машаға береді

Сергіту сәті: «Көңіл күй»

Көңіл күй жақсы болса ұр шапалақ
Ашу болып тұрсаң сен жерді теп
Қорқып тұрсаң екі қолды қосып жат
Ұйқың келсе екі қолды қосып жат

Ойын: «Көлеңкесін тап»

Шарты:Үлкен кіші суреттердің көлеңкесін сәйкестендіріп тауып жапсыру.

Ойын: «Кескінін тауып құра»

Шарты:Үш аю ертегісіндегі кейіпкерлердің дене бөліктерін құрастыру.

Бөрекедді балалар өте керемет алғыр,тапқыр екендерінді көрсеттіндер.Ендеше Аю мен Машаны достастырайық Қимылды ойынымыз жұптасу ойынын ойнайық.

Ойын: «Жұптасу»

Шарты:Балалар пенбере тұрады,тәрбиеші бір,екі,үш деген белгі бергенде балалар жылдамдықпен жұптасып қалады.

Рефлексивті -
түзетушілік

-Жарайсындар балалар аю мен Машаның көңіл күйлері көтеріліп дос болды солайма Аю.
Аю:-Ия рахмет сендерге балалар сендер тапқыр алғыр тәртіпті екенсіңдер.Біз

Кәмпиттерді алып өлшеп көп-аз екенін айтады,сапайды.

Барлығы бірлесе іс-қимыл жасап сергіп алады.

Ойындарды мұқият орындап шығады.

Балалар бірлесе,қызыға ойнайды.

Маша екеуміз риза болдық енді үйімізге қайтайық. Сау болыңдар.

Қорытынды

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз не істедік?

- Бізге қандай қонақтар келді?

- Маша мен аюға қалай көмектестік?

Сұрақтарға өз ойларымен жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Заттардың көлемі мен санын, үлкен, кіші, шама ұғымдарын білу.

Менгеруі тиіс: заттардың көлемі бойынша (үлкен - кішкентай) - және саны бойынша (біреу - көп) болатынын.

Үйренуі тиіс: Үлкен кіші көлеміне қарай шамалап заттарды теңесіре алуы



